


**«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы**  
**2023-2024 оқу жылының жалпы білім беретін пәндері бойынша**  
**9-11 (12) сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың**  
**ГЕОГРАФИЯДАН 10-11 сыныптарға арналған аудандық кезеңінің**  
**тапсырмалары**

**Тапсырмаларды орындау уақыты- 2 сағат.**

*Көмекші құралдар мен географиялық анықтамаларды, атластарды  
қолдануга болмайды*

**A бөлімі. ЖІӨ талдауы және урбандалу**

1. А1 сыйбасы жан басына шаққандағы ЖІӨ және таңдалған елдер үшін қалалық жерлерде тұратын халықтың пайызын көрсететін график.



А1 сыйбасы.

- 1.1. F1 сыйбасына сүйене отырып, жан басына шаққандағы ЖІӨ 9000 АҚШ долларын құрайтын және халқының 75%-ы қалалық жерлерде тұратын елді анықтаңыз. [1]
- 1.2. Экономикасы дамыған елдерде көп адамдардың қалалардан ауылдық жерлерге көшуінің үш түрлі себебін көрсетіңіз. [3]
- 1.3. Неліктен экономикасы нашар дамыған елдерде қала халқының үлесі өсуінің тенденциясы байқалады? Бір себепті тандал, жауабынызды дәлелденіз. [2]

2. Лашықты елді мекендердің (трущобные поселения) өсүінің себебін анықтайтын А2 сызбасын зерттеңіз.



A2 сызбасы.

- 2.1. А2 сызбасын пайдалана отырып, бір себепті таңдал, неліктен экономикасы нашар дамыған елдердің қалаларында лашықты жерлер (трущобные поселения) пайда болғанын дәлелденіз. [2]
- 2.2. Лашықты елді мекендерде (трущобные поселения) өмір сұрудің 2 проблемасын сипаттаңыз [2]

(Жалпы 10 балл)

### **A бөлімі. Өмір сұрге ең қолайлы қалалардың рейтингі**

«The Economist» басылымының сарапшылары жыл сайын өмір сұрге ең қолайлы қалалардың рейтингін шығарады, онда олар әртүрлі параметрлерді ескере отырып, өмір сұру деңгейін бағалайды.

1. Қаланың өмір сұру сапасын бағалау кезінде әдетте қандай факторлар ескеріледі? Үш факторды атаңыз [3]
2. Мұндай рейтингтерде қаланың экологиялық тұрақтылығы қалай бағаланады? 2 факторды атаңыз [2]
3. Кестеде берілген сипаттамалар бойынша 2023 жылғы рейтингтегі алғашқы 5 қаланы анықтаңыз: [5]

№	Сипаттама	Қала
1	Қала - елдің шығыс бөлігінде Дунай өзенінің жағасында орналасқан, өз мемлекетінің астанасы. Бұл көптеген ұлы композиторлардың туған жері бола отырып, көптеген сарайлары, мұражайлары және бай музыкалық мұрасы бар мәдени орталық.	
2	Елорда Зеландия мен Амагердің тәңіздегі аралдарында орналасқан және Швецияның оңтүстігіндегі Мальме қаласымен Оресунд көпірі арқылы жалғасады. Ол бүкіл әлемге Ганс Кристиан Андерсен қаласы ретінде белгілі, сондықтан астананың басты символы - Кіші су перісі ескерткіші.	

3	Қала - Австралияның Виктория штатының әкімшілік орталығы, елдің оңтүстік-шығыс жағалауында орналасқан. Ол Ярра өзенінің сағасында орналасып, бүкіл мегаполиске созылып жатыр. Қаланың көптеген атаулары бар: «бақшалар қаласы», «мәдени және спорт астанасы» және «Австралиядың ең европалық қала».	
4	Австралияның ең үлкен қаласы және Жаңа Оңтүстік Уэльстің орталығы. Оның басты көркіті жері – аспанға қалықтаған желкендерге ұқсайтын опера ғимараты.	
5	Канаданың батыс жағалауындағы қала, Британдық Колумбия провинциясындағы халық саны бойынша ең үлкен және елдегі үшінші қала. Қала агломерациялық аймақпен бірге Солтүстік Америкадағы ең ірі киноөндіріс орталықтарының бірі болып табылады және «Солтүстік Голливуд» деген лақап атқа ие.	


(Жалпы 10 балл)

## ***С бөлімі. Атмосфера циркуляциясы***

Сізге Жер планетасының схемалық бейнесінің үлгісі берілді

1.1 Үлгіні пайдаланып, жердің жоғары және төмен атмосфералық қысымды белдеулерінің таралу сызбасын сзызыңыз. [2]

1.2 Үлгіні пайдаланып, негізгі тұрақты ендік (планеталық) желдердің атауларын көрсетіңіз және белгілеңіз. [1.5]



2.1 Планетарлық желдердің белдеулер арасында, тек солтүстік немесе оңтүстік бағытта соқпауының себебін атаңыз. [0.5]


2.2 Егер бүкіл Жер бетін тек мұхит алып жататын болса және Жер айналмай тұрақты болса, жерде қанша жоғары / төмен қысым белдеуі болар еді? Планетарлық желдер қалай бағытталатын еді? [1]

3.1 Экватордың Жердегі орналасуы оны ең ылғалды белдеуге қалай айналдыратынын түсіндіріңіз. [3]

3.2 Атмосфералық қысым белдеулерінің қозғалысы Африканың саванналарында құрғақ және ылғалды маусымдарды қалай тудыратынын сипаттаңыз. [2]

(Жалпы 10 балл)

#### **D бөлімі. Тектоникалық тақталар(плиталар)**




D1 сұзбасы. A, B, C нүктелері.

1. Нүктелерде тектоникалық тақталардың (плиталардың) шекарасының қандай түрі кездесетінін атаңыз [1.5]:

- A:
- B:
- C:

2. Төмендегі суретте жанартаулардың қандай түрлері көрсетілгенін және әрбір түрін қай нүктеде табуға болатынын белгілеңіз [2]:



3. Неліктен сол жақтағы жаңаратаудың беткейлері тік(көлбеу бұрышы үлкен) екенін түсіндіріңіз, ал оң жағындағы жаңаратаудың беткейі жұмсақ (көлбеу бұрышы аз). [2.5]

4. А және В нүктелерінде жанартау атқылауының күші мен жиілігін салыстырыңыз. [2]  
5. С нүктесінде жер сілкінің қалай болатынын түсіндіріңіз. [2]

(Жалпы 10 балл)

### ***E бөлімі. Миграция (Көші-қон)***

Миграцияның (көші-қонның) себептерін “push” (ағыл. *итеру*) /“pull” (ағыл. *тарту*) деген факторларға бөлуге болады.

1. Тәмендегі миграцияның көші-қонның себептерінің қайсысы “push” және қайсысы “pull” факторлары екенін атаңыз [2]:

- 1.1 Жоғары жалақы
- 1.2 Тұрғын үйдің қымбат бағасы
- 1.3 Жиі тұмша (смог/ тұтін)
- 1.4 Тегін денсаулық сақтау

2. Жалпы халықының 30%нан астамы иммигранттардан тұратын үш елді атаңыз. [1.5]

3. Жалпы халықтың мигранттарының үлесі жоғары (>30%) елдер қай аймақта орналасқан? Неліктен бұл құбылыс осы аймақтың елдеріне тән екенін түсіндіріңіз. [2.5]

4. Өзінізге қолайлы график форматын пайдалана отырып, Қазақстан өнірлері үшін ішкі миграция (көші-қон) диаграммасын жасаңыз [4]. Сіздің диаграммаңыз мыналарды қамтуы керек:

- Қазақстан аймақтарындағы көші-қонға байланысты келген және кеткендер туралы мәліметтер;
- график сальдо миграции по каждому региону Казахстана. Қазақстанның әрбір аймағы бойынша көші-қон сальdosының графигі.

	<b>Келгендер</b>	<b>Кеткендер</b>
<b>Абай облысы</b>	30046	25327
<b>Ақмола облысы</b>	55016	35785
<b>Ақтөбе облысы</b>	56766	37028
<b>Алматы облысы</b>	147425	89179
<b>Атырау облысы</b>	39733	28593
<b>БҚО</b>	45581	30509
<b>Жамбыл облысы</b>	61945	51241
<b>Жетісу облысы</b>	38772	34438
<b>Қарағанды облысы</b>	59767	41406
<b>Қостанай облысы</b>	45800	31242
<b>Қызылорда облысы</b>	39647	30813
<b>Маңғыстау облысы</b>	57138	36550
<b>Павлодар облысы</b>	38531	26178
<b>СҚО</b>	24666	18364
<b>Түркістан облысы</b>	124312	96793
<b>Ұлытау облысы</b>	11584	9465
<b>ШҚО</b>	34367	23978
<b>Астана қаласы</b>	273273	127275
<b>Алматы қаласы</b>	245320	114102
<b>Шымкент қаласы</b>	106095	65909

(Жалпы 10 балл)

**БАРЛЫҒЫ 50 балл**

**Сәттілік тілейміз!**